



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

бағыт қауіпсіздігі мен қолайлылығы қамтамасыз етілетін болады. Дәліздің құрылысы толық аяқталғаннан соң халықаралық стандарттарға сәйкестендіре отырып, жол бойында қызмет көрсетудің 20-дан астам нысанын салу жоспарланып отыр. Олардың құрылысын қаржыландыру үшін жеке инвестициялар тартылмақ. Өйткені тұңғыш Президентіміз елімізде шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту бәсекелестікті және қызмет көрсету тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретінін айтып, өңірлерге арнайы тапсырма берді [4].

Халықаралық транзиттік дәліздің жалпы ұзындығы 8445 шақырымды құрайды. Оның ішінде, Қазақстан Республикасынан — 2787, Ресей Федерациясынан — 2233, Қытай Халық Республикасынан 3425 шақырым жол өтеді. Дәліздің негізгі бағыттары мынадай: Санкт-Петербург-Мәскеу-Нижний Новгород-Қазан-Орынбор-Ақтөбе-Ырғыз-Арал-Қызылорда-Шымкент-Тараз-Қордай-Алматы-Қорғас-Үрімші-Ланьчжоу-Чженчжоу-Ляньюньган. Яғни Петербург мен Ляньюньган арасындағы бағыт негізінен Ұлы Жібек жолы маршрутына сәйкес келеді. Ол Қазақстан бойынша бес облыстың үстімен жүреді. Барлығы 2452 шақырым жол қайта жаңартуға жатады (Ақтөбе – 358, Қызылорда – 817, ОҚО – 458, Жамбыл – 480, Алматы – 339 шақырым). Осы бағыт бойында 4,6 миллиондай халық тұрады екен және бұл еліміздің халқының үштен бір бөлігі болып табылады.

Бұл жобаның артықшылықтары дәліздің болашағынан үлкен үміт күттіріп отыр. Дәліздің Транссібір автомобиль жолымен немесе Суэц каналы арқылы теңіз жолымен тасымалдаудан артықшылығы – төтелігі мен жолға кететін уақыттың қысқалығында. Теңіз жолын пайдаланғанда жолға 45 тәулік, ал Транссібір арқылы жүргенде 14 тәулік кетсе, “Батыс Еуропа – Батыс Қытай” жолына кететін уақыт небәрі 10 тәулік болады.

Бұл жобаны жүзеге асырудың орташа жылдық экономикалық тиімділігін есептеген мамандар жолаушының жүретін жолы қысқаратынын, соған байланысты жол-көлік оқиғаларының санын азайтуға ықпал ету мүмкіндігі туатынын айтып отыр [5].

“Батыс Еуропа – Батыс Қытай” дәлізінің құрылысы аяқталғаннан кейін елімізде туризм саласын дамыту үшін жаңа мүмкіндіктер берілетін болады. Дәліз “Көксай” тау шаңғысы базасы, “Ежелгі Түркістан”, “Ежелгі Отырар”, “Қасқасу” таулы шаңғы курорты, “Байқоңыр”, “Қорқыт Ата”, “Қамбаш”, “Ғарыштық аймақ”, Киіз үйлі отель, “GREENLAND” және “Ырғыз керуен сарайының” туристік аймақтары арқылы өтеді. Туристік орталықтарға апаратын бағыт қауіпсіздігі мен қолайлылығы қамтамасыз етілетін болады.

Дәліздің құрылысы толық аяқталғаннан соң халықаралық стандарттарға сәйкестендіре отырып, жол бойында қызмет көрсетудің 20-дан астам нысанын салу жоспарланып отыр. Олардың құрылысын қаржыландыру үшін жеке инвестициялар тартылмақ. Өйткені тұңғыш Президентіміз елімізде шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту бәсекелестікті және қызмет көрсету тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретінін айтып, өңірлерге арнайы тапсырма берді.

Болашақта Ақтөбеде ГРИНлэнд, Тау секілді тағы көптеген туристік базалар ашылуда. Ақтөбе Ресей елімен жақсы қарым қатынаста болғандықтан біздің өлкемізде іскерлік туризм жақсы дамыған. Қобыланды батыр мен Абат байтақ кесенелері келген туристтерді таңғалдырады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. <http://visitkazakhstan.kz/>
2. <http://kk.wikipedia.org/>
3. Қазақстан Республикасының табиғаты туралы энциклопедия, V- том
4. <http://el.kz/>
5. Caspionet.kz.

УДК 348.38

ҚАЗЫҒҰРТ ТАУЫНДА СПЕЛЕОТУРИЗМДІ ДАМУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Мәулен Мөлдір Ғалымқызы

Мақалада жалпы спелеотуризмге анықтама беріліп, Қазығұрт тауында туризмнің бұл түрін дамыту мүмкіндіктеріне сипаттама берілген. Бізге белгілі мәліметтерге қарағанда, Қазақстанда спелеотуризмді дамыту әлі де болса кенже қалып келе жатқан салалардың бірі екеніне, оған мемлекеттің қолдауы қажет екеніне көз жеткіздік.

Негізгі ұғымдар: спелеотуризм, лабиринттер, үңгір, маршрут, тарих

Спелеотуризм - үңгірлерде, әр түрлі жер бедерінің күрделі лабиринттер жағдайында өтетін, үңгірлердегі төменгі температура мен жоғары салыстырмалы ылғалдылық жағдайындағы, табиғи жорықтың болуымен сипатталатын жұмыстарды ұйымдастыру. Кейбір үңгірлер түбінде жер асты көлдері мен жер үсті өзендері болады. Үңгірлер вертикальды және горизантальды болуы мүмкін. Өз бойында тау және су туризмі техникасы элементтері мен құрал-жабдықтарын біріктіреді. Сондықтан арнайы дайындықты талап етеді. Алынып жүрілетін құралдар да ерекше (фонарь, примус, рация, барометр т.б.).

Спелеотуризм бойынша маршруттар 2 бөлімнен: жер үсті маршруты, яғни үңгірге дейінгі жүру маршруты және жер асты маршрутынан тұрады. Көп жағдайда үңгір аймағында базалық лагерьлер құрылады. [1]

Спелеотуризм саяхаты өзіндік ерекшеліктерге ие.

Бірінші ерекшелігі – күндізгі жарықтың болмауы. Жер асты саяхатының ең басты қауіптілігі - қараңғылық. Жарық жоқ жерде қозғалу, бағытты бағдарлау қиындай түсетіні белгілі. Соның салдарынан шұңқырға немесе қудыққа құлап түсуге де болады. Мұндайға ұшырамау үшін саяхатшылар жарық сыйлар құралдарды өздерімен бірге алып жүрулері керек.

Екіншіден, үлкен үңгірлер ішке енетін жол тараптарының көптігімен күрделі, онда адаспай көздеген орынға жету тәжірибелі бастаушының өзіне де қиын соғуы мүмкін. Үңгірлер қираған кезде жоғарыдан және қабырғалардан еденге тас сылықтарының құлайтыны бар. Кейде олар сәл дірілдеп, тіпті қатты дауыстың өзінен-ақ үгітіледі. Жерасты саяхаты кезінде адамды тұншықтырар немесе жарылыс туғызар газдардың жиналып қалғанын кездестіруге болады. Жалпы үңгірлер сол жердің үстіндегі климатқа ұқсамайтын өзіндік климатқа ие.

Үңгірге түскен әрбір саяхатшы альпинистік тәсіл негіздерін, шыңға шығу әдістеріне игеріп, мұзды еңістерден аман өтуі, жүргенде қауіпсіздік ерекшеліктерін, т.б. сақтауы тиіс. Жерасты саяхатына және де онымен байланысты кездесетін қиындықтар әркімнен батылдықты, тапқырлықты, төзімділікті, тез әрі жақсы қағып алушылықты, денсаулығының мықты болуын талап етеді. Жерасты саяхатына кетіп бара жатып үңгірлердің қауіпті екендігін бір сәтке де ұмытуға болмайды. Ең алдымен біреу бақытсыздық жағдайға ұшырап қалса, оған қалай сырттай көмек көрсетудің шаралары, сондай-ақ саяхатшылардың үңгірден қашан оралатыны туралы күнібүгін бақылау мерзімі белгіленуі керек. [2]

Спелеотуризмнің негізгі ерекшеліктері: жер асты маршруттардың қиындығы, ол үңгірлердің рельефінің сан қилылығымен (жер асты сулары, кішкентай жолдар, құдықтар және т.б.); ауа дымқылдылығы көрсеткішінің жоғары деңгейімен (100%-ға дейін) бұл өте төмен температурамен қоса, жарықтың болмауымен байланысты болады. Спелеотуризм адамнана аса көп күшті, төзімділікті, ұшқырлықты, жер астында еркін қозғалу және өмір сүру қабілетімен, жақсы жүзу және су астында жүзу (кейде аквалагпен жүзу қажет олған жағдайда), шыңға өрмелеу қасиетінің болуын қажетсінеді. Маршрут әдетте 2 бөліктен тұрады: жер асты және жер үсті. 1-ші бөлікті өту қиындығы мен талаптары (жаяу, шаңғымен, қайық үстінде немесе өзге тәсіл арқылы), сонымен қатар ұзақтылығы үңгірдің орналасу

жерінен, оның тұрғын аудандардан арақашықтығымен, жорықтар қиындығымен, жыл мезгілімен және т.б. байланысты болады. Екінші бөлік қиыншылығы үңгірдегі ауа жағдайымен және ұзақтылығымен байланысты болады. Арнайы дайындық пен техникалық құралдарды қажет ететін үңгірлер 9 қиындық дәрежесіне бөлінеді: 1, 2А, 2Б, 3А, 3Б, 4А, 4Б, 5А, 5Б. Үңгірдің қиындық дәрежесін анықтаудың негізгі критерийі болып оның ұзақтылығы, қиындығы және маршрут барысында кездесетін кедергілер көлемі болып табылады. Кедергілер ретінде құдықтар және кішкене тар жолдар болып келеді. Сонымен қатар, су және қар күйіндегі кедергілер де кездесіп жатады [3]

Спелеотуризм өзге мемлекеттерде дамығанымен, бірақ Қазақстанда кенже дамып келе жатқан туризм саласы. Мысалы, «Қызықты мың үңгірлі» аттанған Израильді спелеотуризмнің дамыған ортасы деп айтудың болады. Қазақстанда спелеотуризм ресурстары, яғни үңгірлер саны көп болғанымен, дамыған спелеотуризм ошақтарын табу қиын. Дегенмен де, бұл саланың дамуының экономикалық маңызылығы зор болар еді. Бұл сала зерттелмеген үңгірлерді ашуға, дамытуға және де жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді. Шет ел зерттеушілерінің айтуынша, спелеотуризм адамдарды сабырлылық, тәубешілік, сергектік қасиеттеріне бауылтып көрінеді. Сонымен қатар, спорттық туризмнің бір саласы болып табылатын спелеотуризм экстрималды жаны қалайтын жастардың сұранысын арттырады сөзсіз еді. Соңғы уақытта спелеотуризм спортшылар және туристер арасында танымал туризм түрі болып табылады.

Қазығұрт тауының географиялық орналасу орны, климаты, туристік ресурстардың көптігімен ерекшеленеді. Соның бірі спелеотуризмнің негізі – Үңгір әулие немесе Қазығұрт үңгірлері. Қазығұрт тауының Алмалық деп аталатын солтүстік шығыс өркешінде Үңгір әулиесі бар. Бұл киелі үңгір бөлме-бөлме болып кете береді. Оның ақыр соңы кәрі Сайраммен жалғасатын жер асты жолымен ұласады. Мұндағы үңгірлердің саны да, құпиясы да, тарихы да көп. Сонымен қатар, бұл үңгірлер жайлы «Тіршілік бастауы –Қазығұрт», «Наурыз –Қазығұрттан басталады», «Қазығұрттың басында кеме қалған, Ол әулие болмаса неге қалған» деген аңыз-әңгіме, шежірелер бар. Және де Қазығұрт тауы маңынан Динозавр сүйегінің табылуы да туристерді қызықтыруы мүмкін. Сондай-ақ, Қазығұртта киелі үңгірлердің көптігімен қатар, түрлі емдік қасиетімен де белгілі. «Айдаһар ұясы» аталатын үңгірге кіруге көп адамдардың жүрегі дауаламайтын көрінеді. Ал мұнда кірген адам түрлі ауруларынан, айналы, қан қысымы, буын ауруларынан айығатын көрінеді. Дүние жүзіндегі ең танымал Флинт-Мамонтова (Аппалачи тауы, АҚШ, 563 км); Оптимистикалық (Подольская возвышенность, Украина, 207 км) және Еуропадағы ең үлкен "Красная пещера" (17 км) сияқты үңгірлер өзінің әдемілігімен, тұздылығымен, мәрмәрлығымен ерекшеленсе, Қазығұрт тауы үңгірлері шипалы суымен ерекшеленеді. Үңгір ішіндегі «Тамшы су» соған куә бола алады. Сонымен қатар, Қазығұрт тауының «Ұлы Жібек жолы» бойында орналасуы туризмнің дамуына негіз бола алады. Спелеотуризмге мына әсер етуші факторларды атап көрсетуге болады:

1. елді - мекендегі спелеотуристік ресурстардың қайталанбас бейнесі;
2. спелеотуризм ресурстарының, яғни үңгірлердің адам денсаулығына тигізетін әсерінің болуы (түрлі ауру – сырқаулардан айығуы)

3. туристерге арналған нақты артықшылықтар;
4. табиғи бастаманың басымдылығы;
5. экономикалық тиімділік;
6. мамандандырылған маркетинг;

Жергілікті архитектуралық стильмен үйлесімділік спелеотуризмнің дамуына әсер етеді. Сонымен қатар, бұл өңірде агротуризмді дамытудың ерекше мүмкіндіктері бар. Атап айтқанда, жергілікті халықтың құсбегілік, аңшылық, саятшылық, балық аулау кәсіптерімен айналысуы және төрт түліктің барлығымен, яғни мал шаруашылығымен айналысуы және егін шаруашылығымен айналысуы [3]

Қазығұрт тауында спелеотуризмнің дамуы әлемдік экономиканың мәселелерін шешумен қатар, әлеуметтік, экологиялық, сондай-ақ жеке елдердің ұлттық мәдениеті

мәселелерін де қамтиды:

1. ішкі және кіру туризмінің дамуы
2. жалпы әлемдік экологиялық мәселелерінің және табиғатты қорғау салаларының шешілуі;
3. қоғамдық мәселелердің шешілуі (кедейшілік, жұмыссыздық)
4. ауыл шаруашылық өндірісінің әртараптануы және ауылдық аумақта табысты тауар және қызмет өндірісімен айналысу;
5. салауатты өмір салтын қалыптастыру

«Жасыл экономиканы» тұрақты дамыту жолында спелеотуризмнің берер мүмкіндіктері өте көп. Себебі, спелеотуризмді дамыту арқылы табиғи объектілерімізді (үңгірлерімізді) зерттеп, ондағы ландшафты қорғауға мүмкіндік аламыз. Сондай-ақ, Қазығұрт туралы жоғарғы тиімділікті жарнама жасап, географиялық карталар, жақсы орындардың фотосуреттері, аңыз-әңгіме, шежіреге байланысты видеофильмдер түсіру, буклеттер мен брошюралар жасап, шоулар ұйымдастырып, Қазығұрттағы спелеотуризмді дамытуға және бәсекелестіктің күшеюіне мүмкіндік аламыз. Сонымен қатар, көшпелілер дәуірі, мәдениеті қайта жаңғырып, салт – дәстүр, әдет- ғұрпымыз сабақтасып жатса шетел туристерінің қызығушылығын арттырамыз сөзсіз. Қазығұрт тауындағы туризмнің ерекшелігін және өзекті мәселелерін 1-кестеден көре аламыз.

Кесте 1. Қазығұрт тауында спелеотуризмді дамыту жолдарының мықты және әлсіз жақтары

Артықшылықтары	Өзекті мәселелері
«Батыс Еуропа – Батыс Қытай» күре жолының өтуі	Шетел азаматтары үшін визаның қымбаттылығы және келу визаларын тіркеу процедурасы. Кедендік процедуралардың күрделілігі
Қазығұрт тауының Ұлы Жібек Жолы бойында орналасуы	Маркетингтік жүйенің дұрыс дамымағандығы. Телекоммуникация торын, байланыс қызметтерінің әлсіз дамығандығы.
Қазығұрттың геосаяси тұрғысынан ыңғайлы жерде орналасуы;	Қазақстан жөнінде потенциалды туристерде ақпараттың аздығы. Жоғарғы тиімділікті жарнама жасау (географиялық карталар, жақсы орындардың фотосуреттері, видеофильмдер, буклеттер мен брошюралар
Келу туризмін кеңейту арқылы шетел валютасының Қазақстанға (Қазығұртқа) келуіне қол жеткізу;	Жоғары салықтық салымдар. Тұрақты сұраныстың болмауы.
Туристтік ресурстардың молдығы (үңгірлер, емдік сулар т.б.)	Туристтік-рекреациондық объектілердің моральдық және физикалық ескіруі
Туризм нарығындағы бәсекеге қабілеттіліктің артуы. Жеткізілім көлемінің және табыстың артуы.	Кадрмен қамтудағы әлсіздік. Туризм саласында Қазақстан мамандарының тәжірибесінің аздығы.
Саяси тұрақтылық пен	Тауар-транспорттық операцияларда маманданған

Қазығұртта қазіргі кезге дейін спелеотуризмнің толық жүйесі жоқ. Сондықтан да, туристерді барлық керекті жабдықтармен, жарнамамен, сауда қызметімен, көлікпен, қонақ үйлерге орналастырумен, тамақтандырумен қамтамасыз етумен байланысты сұрақтар өз шешімін таппай отыр. Спелеотуризмнің дамуының жеткіліксіздігінің тағы бір себебі – туризмді дамытуға қажетті факторлардың ғылыми негіздемелерінің жоқтығы. Біліктілігі жоғары мамандарсыз спелеотуризм саласын дамыту мүмкін емес. Спелеотуризм туристерді қызықтырып, елге ұлттық табыс ретінде валюталық ресурстарды тартатын болғандықтан, оларға белгілі бір жеңілдіктер қарастырылуы тиіс.[4]

Спелеотуризмді дамытып, қоршаған ортаға оң ықпал жасап, қолда барды ұқсатып, көрікті мекендердің сұлулығын жарнамалау арқылы туризмнің Қазақстандық брендин қалыптастыру қажет. Сонымен қатар, көрсетіліп отырған бар туристік қызметтер түрлерін сақтай отырып, ішкі туризмді және экономикамызды тұрақты дамытуымыз тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. www.google.kz Википедия
2. Мазбаев О.Б., Атайбеков Б.Н., Асубаев Б.К. «Туризм және өлкетану негіздері», 2006ж
3. «Қазақстан-спортшылар елі». Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы, 2007 ж
4. G.global
5. Youtube. Қазақстан-Шымкент телеарнасы

ӨОЖ 061.41: (338.49:339.92) (574)

ЕХРО-2017 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨРМЕСІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КІРУ ТУРИЗМІНІҢ ДАМУ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Мырзабаева Мадина Мырзабаевна

madik_semsk@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің 3 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - М.Амрина

Францияның символына айналған Эйфель мұнарасы аталмыш ел туризмінің басты табыс көзі болып табылады. Сәулеттік туындыны көруге әлемнің түкпір-түкпірінен келетін туристер саны 250 млннан асып жығылады. Мұндай ғимарат 160 жылдық тарихы бар дүниежүзілік көрме нәтижесі.

1928 жылы Парижде Көрмелердің халықаралық бюросы құрылған болатын. Аталмыш бюро Ұлыбританияның Хрусталь сарайынан бастап, бүгінге дейін әлемде талай игі істерді атқаруда. Ұйым ЕХРО көрмесінің әрқашан жоғары деңгейде өтуін қадағалап, сонымен қатар әр түрлі инновациялық технологиялар, қала мәдениеті мен Жер шарының алдыңғы қатарлы мәселелерін шешумен айналысады. Негізінен, ЕХРО – таза әрі ашық бәсекелестікке арналған әлемдегі беделді алаң. Көрменің басты мақсаты – қатысушы мемлекеттердің адамзат өміріне қажетті түрлі саладағы жаңа зерттеулері мен тың жаңалықтарын барынша насихаттау. Халықаралық көрмелер экспозиция ерекшелігіне байланысты екі түрге бөлінеді: Дүниежүзілік әмбебап көрмелер және Мамандандырылған халықаралық көрмелер. Дүниежүзілік әмбебап көрмелер бес жыл сайын алты ай бойына өткізіледі. Онда тақырыбы жағынан біршама шектеулер болады. Мамандандырылған халықаралық көрменің өту уақыты ең көбі үш айға созылады. Көрме алаңы 25 гектардан аспауы тиіс. Ал тақырыбы алдын ала ұйымдастырушыларға ескертіледі. Көрме тақырыбында оны ұйымдастырушы мемлекеттің белгілі бір салалардағы, соның ішінде гуманитарлық, әлеуметтік және экологиялық аспектіде қол жеткізген ғылыми технологиялық және экономикалық жетістіктері қамтылуы шарт.